

Реформалардың жекелеген бағыттарын іске асыру жөніндегі жауапты мемлекеттік органдарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 тамыздағы N 148

Мемлекеттік сектордың ресурстарын пайдалануды жақсарту бойынша реформалар кешенін іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында:

1. Реформалардың жекелеген бағыттарын іске асыру жөніндегі жауапты мемлекеттік органдар ретінде мыналар белгіленсін:

1) мемлекеттік инвестициялар мен макроэкономикалық болжамдар бағдарламаларын қалыптастыру мен орындау саласында - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі к о м и т е т і ;

2) бюджеттік процесс, аудит және сырттан қарыз алу саласында - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

3) тұрғын үй-коммуналдық салада - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тұрғын үй-коммуналдық реформасы жөніндегі комиссиясы және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті;

4) әкімшілік реформалар саласында - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік қызметті реформалау жөніндегі комиссиясы және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.

2. Осы өкімнің 1-тармағында көрсетілген жауапты орындаушылардың жұмысына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О . Ә . Ж а н д о с о в қ а жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р і